

Аграрная политика: механизм реализации

of Kazakhstan // Revista ESPACIOS. – 2018. - Vol. 39 (№ 27). – PP.11-30.

8 Есполов А.Т., Мадиев Г.Р., Бекбосынова А.Б. Экономические и правовые механизмы развития инвестиционных процессов в АПК РК // Проблемы агрорынка. - 2017. -№1.- С. 15-21.

9 Bekbosynova A.B. Development of horizontal type cooperation in the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan //Проблемы агрорынка. – 2017. - №4.-PP.190-196.

zhurnal priklad-nyh i fundamental'nyh issledovanij. – 2015.- № 5. – S. 108-116.

4 Statisticheskij ezhegodnik.-Almaty: Departament Statistiki Almatinskoj oblasti, Komitet po statistike MNJe RK, 2018 . –134 s.

5 Osnovnye pokazateli proizvodstvenno-finansovoj dejatel'nosti Almatinskoj oblasti. Statisticheskij sbornik. – Almaty, 2017. –33 s.

6 Osnovnye finansovye pokazateli predpriatij Almatinskoj oblasti 2010-2017. Statistika sel'skogo, lesnogo, ohotnich'ego i rybnogo hozajstva. – Almaty: Departament Statistiki Almatinskoj oblasti, Komitet po statistike MNJe RK, 2018.- S. 20-28.

7 Bekbosynova Assel B., Madiev Galigan R., Akhmetov Kulmuhanbet A., Kerimova Ukilia K.. Organization and parametric optimization of agricultural cooperatives in the Republic of Kazakhstan // Revista ESPACIOS. – 2018. - Vol. 39 (№ 27). – PP.11-30.

8 Espolov A.T., Madiev G.R., Bekbosynova A.B. Jekonomicheskie i pravovye mehanizmy razvitiya investicionnyh processov v APK RK // Problemy agrorynka. - 2017. -№1.- S. 15-21.

9 Bekbosynova A.B. Development of horizontal type cooperation in the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan //Проблемы агрорынка. – 2017. - №4.-PP.190-196.

Spisok literatury

1 Otchet o NIR po teme G-2012 «Proizvodstvennye funkci v planirovani i prognozirovani sel'skohozajstvennogo proizvodstva Respubliki Kazahstan» (jetap 2012. Promezhutochnyj), № gos. Registracii 0112RK001149. – Almaty, 2012. – 105 s.

2 Otchet o NIR po teme G-2012 «Proizvodstvennye funkci v planirovani i prognozirovani sel'skohozajstvennogo proizvodstva Respubliki Kazahstan» (jetap 2013 g. Promezhutochnyj), № gos. Registracii 0112RK001149. – Almaty, 2013. - 187 s.

3 Orlova I.V., Filonova E.S. Vybor jekzogennyh faktorov v model' regressii pri mul'tikollinearnosti dannyh // Mezhdunarodnyj

FTAMP 06.52.01

ӘОЖ 338.246

ЖОБАЛЫҚ ТӘСІЛ ТҮРФЫСЫНАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТИК-ЖЕКЕ МЕНШІК ӘРІПТЕСТІГІ

ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОЕ ПАРТНЕРСТВО В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН С ПОЗИЦИИ ПРОЕКТНОГО ПОДХОДА

PUBLIC-PRIVATE PARTNERSHIP IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN TERMS OF THE DESIGN APPROACH

A.P. СОЛТАНГАЗИНОВ^{*1}

PhD докторы, қауымдастырылған профессор

М.А. АМИРОВА¹

PhD докторы

Г.К. ИСЕНОВА²

PhD докторанты

¹Инновациялық Еуразия университеті, Павлодар, Қазақстан

² «Адам» университеті Бишкек қаржы және экономика академиясы, Бишкек, Қыргызстан

aibek.soltangazinov@yandex.ru

A.P. СОЛТАНГАЗИНОВ¹

доктор PhD, ассоциированный профессор

М.А. АМИРОВА¹

доктор PhD

Г.К. ИСЕНОВА²

докторант PhD

¹ Инновационный Евразийский университет, Павлодар, Казахстан

Аграрная политика: механизм реализации

²Университет «Адам» Бишкекская финансово-экономическая академия, Бишкек, Кыргызстан

A.R. SOLTANGAZINOV¹

PhD, Associated Professor

M.A. AMIROVA¹

PhD

G.K. ISSENOVA²

PhD student

¹ Innovative University of Eurasia, Pavlodar, Kazakhstan

² University «Adam», Bishkek Academy of Finance and Economics, Bishkek, Kyrgyzstan

Анданпа. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік (МЖӘ) саласындағы, оның ішінде аграрлық сектордағы әлемдік тәжірибе бұл құралдың әлеуметтік-экономикалық сипаттағы көптеген мәселелерді шешуде өзінің артықшылығын дәлелдегенін куәландырады. Қазақстанда МЖӘ дамуын кешенді талдау негізінде оның қазіргі жай-күйіне баға берілген. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік қағидаттарында аграрлық саланы қоса алғанда, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға жеке инвестицияларды тарту практикасының қеңеюі байқалады. МЖӘ тетігі арқылы мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылдының қазақстандық және шетелдік тәжірибесі, сондай-ақ оның жобаларын іске асырудың қолданыстағы модельдері мен механизмдері талданған. Ең алдымен жобалық менеджмент құралдарын қолданудың жеткілікіз деңгейіне байланысты оларды тиімді және уақтылы пайдалануды қамтамасыз етуде проблемалар анықталған. Оларды басқару жөніндегі ұлттық стандарт талаптары шеңберінде жобалық сценарийлерді нақты құрылымдау арқылы осы мәселелерді шешу жолдары ұсынылған. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын жоспарлау мен қолдануға қатысты республиканың нормативтік-құқықтық базасы зерделенген. Әлсіз жақтары анықталған және оларды жетілдіру бойынша шаралар әзірленген. Табысты және нәтижелі іске асыруға ықпал ететін негізгі факторлар анықталған. Мемлекеттік секторға кәсіпкерліктиң жинақталған басқару тәжірибесін, инновациялар мен ресурстарды тартуға мүмкіндік беретін бағыттар ұсынылған. Жобалық тәсіл тұрғысынан МЖӘ іс-қимыл жасауды жоспарлау және іске асыру бойынша ұсынымдар әзірленді.

Аннотация. Мировой опыт в сфере государственно-частного партнерства (ГЧП), в т.ч. аграрном секторе, свидетельствует о том, что этот инструмент доказал свое преимущество в решении многих проблем социально-экономического характера. На основе комплексного анализа развития ГЧП в Казахстане дана оценка его современного состояния. Отмечается расширение практики привлечения частных инвестиций в реализацию инфраструктурных проектов, включая аграрную сферу, на принципах государственно-частного партнерства. Проанализирован казахстанский и зарубежный опыт взаимодействия государства и бизнеса через механизм ГЧП, а также действующих моделей и механизмов реализации его проектов. Выявлены проблемы в обеспечении эффективного и своевременного их использования, обусловленные, прежде всего, недостаточным уровнем применения инструментов проектного менеджмента. Рекомендованы пути решения данных вопросов посредством четкого структурирования проектных сценариев в рамках требований национального стандарта по их управлению. Изучена нормативно-правовая база республики касательно планирования и применения проектов государственно-частного партнерства. Выявлены слабые стороны и разработаны меры по их совершенствованию. Определены основные факторы, способствующие успешной и результативной реализации. Предложены направления, позволяющие привлекать в государственный сектор накопленный управленческий опыт предпринимательства, инновации и ресурсы. Выработаны рекомендации по планированию и реализации плана действий ГЧП с позиции проектного подхода.

Abstract. World experience in the field of public-private partnerships (PPP), incl. agricultural sector, indicates that this tool has proved its advantage in solving many problems of a socio-economic nature. Based on a comprehensive analysis of the development of PPP in Kazakhstan, an assessment of its current state is presented. The practice of attracting private investment in the implementation of infrastructure projects, including the agricultural sector, on the principles of public-private partnership is noted. The Kazakhstani and foreign experience of interaction between the State and business through the PPP mechanism, as well as existing models and mechanisms for the implementation of its projects, are analyzed. Issues of ensuring their effective and timely use, caused, first of all, by the insufficient level of application of project management tools were identified. The ways of resolving these issues by clearly structured project scenarios within the framework of the requirements of the national standard for their management are

Аграрная политика: механизм реализации

Түйінді сөздер: мемлекеттік-жеке меншік әріптестік, жобалық тәсіл, инфрақұрылымдық жобалар, инвестициялар, инновациялар, ресурстар, жоба тәуекелдерінің матрицасы, нормативтік-қызықтық база.

Ключевые слова: государственно-частное партнерство, проектный подход, инфраструктурные проекты, инвестиции, инновации, ресурсы, матрица рисков проекта, нормативно-правовая база.

Key words: public-private partnership, project approach, infrastructure projects, investments, innovations, resources, project risk matrix, regulatory-legal framework.

Kіріспе. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекет пен бизнестің өзара іс-қымылдының дәстүрлі тәсілдерін дамыту нәтижесінде күш-жігерді біріктіру және тәуекелдерді бөлісу қағидаттарына негізделген мемлекеттік- жеке меншік әріптестік (МЖӘ) институты мемлекеттік секторға көрсетілетін қызметтер сапасын арттырудың тиімді тетіктерінің бірі болып табылады. Бұл жеке серіктестің жобаларды басқару әдістерін және заманауи технологиялық шешімдерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады, өйткені бизнес әрқашан коммерциялық тиімділікті арттырудың нарықтық қағидатын ұстанып, өзгерістерге икемді және онтайлы түрде жауап береді.

Интеграциялық үдерістерді жаңандыру жағдайында жаңа экономикалық қатынастар өзгереді және қалыптасады, ол мемлекеттік сектор мен бизнестің өзара іс-қимылының нысандарын құрылымдық түрлендіру мен жетілдіру қажеттілігін талап етеді. МЖӘ экономикалық құрал ретінде қызығушылықтың артуы көптеген жыл ішінде көптеген елдерде өзінің артықшылығын дәлелдеуімен түсіндіріледі.

Бұл, бір жағынан негізгі әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге, ал екінші жағынан – бұл құрал төмендегі сапа сипаттамаларын біріктіреді: тиімділік, басқару тәжірибесі, құзыреттілік, инновациялар, ресурстар, тәуекелдерді барабар бағалау және әділ бөлу. Зерттеудің жаңалығы жобалық тәсіл түрғысынан МЖӘ жобаларын іске асыруы табылады.

МЖӘ дамытуы үлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Қазақстандағы МЖӘ институтын дамыту жо- баларды қаржыландырудың перспективалы модельдерін күру және мемлекеттік секторға

тиімді басқару әдістерін жұмылдыру үшін перспективалы модельдерді құруға ықпал етеді. Сонымен қатар, МЖӘ дамытуға байланысты проблемалық мәселе-лердің болуы ғылымды терең және жан-жақты түсіну үшін міндет койып отыр. МЖӘ дамытудың жоғары практикалық рөлі мен маңыздылығы осы зерттеудің өзектілігіне әкелді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Дамудың қазіргі кезеңінде жаңа экономикалық қатынастар қарқынды іскерлік әдістердің рөлін күштейтуді, сондай-ақ мемлекеттік және жеке секторлардың өзара әрекеттесу нысандарын жетілдіруді анықтайты. Сондықтан ынтымақтастықтың осы нысандарын тиімді пайдалануды жетілдіру мәселелеріне үлкен көңіл бөлінеді. МЖӘ елеулі уақыттан бері дамыған елдерде мемлекеттік секторға бизнестің инновациялар мен жинақталған басқарушылық тәжірибесін жұмылдыруға мүмкіндік беретін маңызды артықшылықты дәлелдеді.

МЖӘ тетігінің көмегімен мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттесуінің қазақстандық және шетелдік тәжірибелерін талдаудың негізінде, үлттық және аймақтық экономиканың мәселелері бойынша жетекші отандық және шетелдік ғалымдардың жұмысы және Қазақстан Республикасының заңнамалық базасы болды. Зерттеудің әдісі зерттелетін обьектіге функционалды-логикалық түрғыдан негізделген, жалпы ғылыми-зерттеу әдістері: салыстыру және қорыту әдістері, дерексіз логикалық және аналитикалық әдістер.

Зерттеудің жаңалығы жобалық тәсіл түрғысынан Қазақстандағы МЖӘ жобала-рын жоспарлау және іске асырудың методологиялық аспекттерін жетілдіру бойын-

ша ғылыми негізделген ұсыныстарды өзірлеу болып табылады.

Нәтижелер және оларды талқылау. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің табыстылығының маңызды құрамдас бөлігі – бұл бизнес, келісімшартты іске асыру процесінде жобаны басқару әдістерін қолданады, түпкілікті нәтижеге қол жеткізуге бағытталған заманауи технологиялық шешімдерді қолданады. Үкімет пен бизнестің өзара әрекеттесуін сипаттайтын бұл экономикалық құрал біріктіру әрекеті мен тәуекелдерді бөлісудің негізгі қағидасына негізделген.

Жаһандану жағдайында пайда болатын жаңа экономикалық қатынастар құрылымдық өзгерістердің жүзеге асырылуын және мемлекеттік және жеке секторлардың өзара әрекеттесу нысандарын жетілдіруді анықтайды. МЖӘ елеулі уақыттан бері дамыған елдерде әлеуметтік-экономикалық сипаттағы көптеген мәселелерді шешіп қана қоймай, мемлекеттік қызметтердің сапасын арттырып, сондай-ақ мемлекеттік секторға бизнестің, инновациялар мен ресурстардың жинақталған басқарушылық тәжірибесін жұмылдыруға мүмкіндік беретін маңызды артықшылықты дәлелдеді.

МЖӘ негізгі артықшылықтары:

- мемлекеттік сектор үшін – обьектілерге қызмет көрсету мен пайдалану бойынша ұзақ мерзімді шығындарын қысқарту; ұзақ мерзімді және күрделі жобалардағы мемлекет үшін тәуекелдің құны тәмендейді; тиімсіздік мәселесін жояды;
- меншікті сектор үшін – жобаны іске асыруда мемлекеттің әкімшілік және саяси көмегі; мемлекетпен тәуекелдерді бөлісу; ең тәмен табыстылық пен салынған қаржаттарды қайтаруда мемлекет тарапынан кепілдік беру;
- халық үшін – арзан баға бойынша қолжетімді және жоғары сапалы қоғамдық қызметтер.

Қазақстандағы МЖӘ институтының кеңінен дамуы мемлекеттік активтердің кеңейтүге, оның экономикалық жүйесіндегі жаңа құрылымдарды құруға және тұтастай бизнес пен елдің бәсекеге қабілеттілігіне он әсерін тигізетін жеке инвестициялардың келуін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, МЖӘ-ні тиімді дамытудың өзекті мәселелері ғылыми қоғамдастыққа терең және жан-жақты түсіну міндетін қойып отыр. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының МЖӘ-нің маңызды рөлі мен маңызы осы зерттеудің өзектілігіне себеп болды.

Дамыған елдердегі МЖӘ дамытудың тарихи тәжірибесін талдауда мемлекеттік

және жеке серіктестер арасындағы ынтымақтастықтың ауқымы әртүрлі екенін көрсетеді. Эыдұ елдерінің арасында МЖӘ дамытудағы көшбасшылары – Ұлыбритания, АҚШ, Франция және Германия [1]. PFI мақсаты – инфрақұрылымды дамытуға жеке инвестицияларды жұмылдыру. Австралияда МЖӘ әлеуметтік-экономикалық салада инфрақұрылымдық жобаларды дамыту маңызды құралы болып табылады [2].

Бұл құжаттар Австралия аумағында да, барлық МЖӘ жобаларына да қолданылады, сондай-ақ мемлекеттік және жеке секторларға мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл құжаттар жобаларды практикалық іске асырудың, соның ішінде жобаларды басқару құралдарын қолданудың ең жақсы әдістерін пайдалануды және МЖӘ инфрақұрылымдық жобаларына қойылатын талаптарды егжей-тегжейлі анықтайды.

Еуропалық одақ елдері бойынша МЖӘ шенберінде салынған қаражат көлемі бойынша салалық бөліністерді талдау бұл нарық көлік пен денсаулық сақтау саласында жеткілікті түрде дамығанын көрсетеді, оның тартымдылығы инвестицияларды қайтарудың кепілді шарттарымен байланысты [3].

Тараптардың қосымша мұдделерінің болуы МЖӘ дамытуға ықпал етеді, яғни ол ЕО елдерінің маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешу мен инвестиацияларды қосымша жұмылдырудың тартымды институционалдық механизмі болып табылады.

Осылайша, шетелдік тәжірибелі талдау мемлекеттік сатып алушарды жүзеге асыру мен мемлекеттік тапсырыстарды орналастырудың дәстүрлі тәсілдерімен салыстырғанда МЖӘ бірқатар маңызды артықшылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Олардың ішінде:

- баға факторын ескере отырып, маңызды белгілер көрсеткіштері, сапа сипаттамалары мен тәуекелді тәмендету, МЖӘ пайдалына басқару шешімдерін қабылдау кезінде қоғамның тиімділігі мен он әсерін анықтау үшін негіз болып табылады;

- қоғамдық сектор үшін серіктестік инновациялық даму үлесін үлгайтуға мүмкіндік береді, өйткені бизнес, өзінің экономикалық сипаты бойынша нарықтық қағидаттарға негізделген, инновацияларға үмтілдік және бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында прогрессивті техникалық және технологиялық процестерді қолданады;

Аграрная политика: механизм реализации

• қоғамдық игіліктерды ұлғайтуда жеке капиталды жұмылдыру арқылы ресурстық мүмкіндіктерді кеңейту;

• тікелей және түпкілікті нәтижелер сапасы бойынша құрылыш жұмыстарын аяқтауға жұмсалатын шығыстарды оңтайланадырудағы жеке серіктестің мүддесіне кепілдік береді;

• қатынастардың кен ауқымы бар жеке сектор үшін бұл модель экономиканың түрлі салаларында жаңа инвестициялық мүмкіндіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді [4, 5].

МЖӘ институционалдық түрлерінің алуан түрлілігі мемлекеттік жауапкершілік саласына қатысты обьектілердің тиімді жұмыс істеуі мен басқару үшін алғышарттар жасайды. Әлемде МЖӘ кеңінен таралуы инвестициялық және инновациялық қызметті қүшетуге негізделген тиімді экономикалық саясатты қамтамасыз етудің және әлеуметтік, көлік және басқа да инфрақұрылымдық желілердің кеңеюін ынталандыру принциптерінің бірі болып табылатынын көрсетеді.

"Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты жолдауында МЖӘ дамытуды қөздейтін экономикалық саясаттың жаңа қағидаттарына көшуді қөздейтін стратегиялық міндеттері айқындалады. Сонымен қатар, басқарушылық және экономикалық шешімдерді қабылдау олардың экономикалық мақсаттылығына, МЖӘ дамытуға және білімге негізделген экономиканы құруға негізделуі тиіс.

Қазіргі уақытта Қазақстанда біртіндеп МЖӘ институты дамып келеді, оның аясында тиісті нормативтік-құқықтық база қалыптастырылып, институционалды құрылым қалыптастырылуда. 2015 жылы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Занын қабылдау арқылы салалық шектеулер алынып тасталды, мемлекеттік сыңайлы және қаржылық үйімдар субъектілері есебінен МЖӘ қатысуышыларының шенбері кеңейтілді.

Сондай-ақ, заннамалық деңгейде көсіп-керге МЖӘ жобаларын дербес бастамашылық етуге мүмкіндік беретін жеке қаржы бастамалары механизмдері енгізілді. «Тұтыну кепілдігі», «қолжетімділік үшін ақы» және «тікелей келісім» қарастырылған.

Тұтыну кепілдігі – МЖӘ жобасын іске асыру кезінде өндірілген тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің белгілі бір мөлшерін тұтыну кезінде мемлекеттің кепілдігі. Қолжетімділік үшін ақысы – тұтынушыларға МЖӘ нысанының болуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекет жүзеге асырған ақшалай төлемдер. Тікелей келісім

– концессия шарты бойынша өз міндеттемелерін елеулі бұзған жағдайда концессионерді ауыстыруын талап ететін МЖӘ жобасы бойынша концессионер кредиторларының құқығы болып табылады [6, 7].

Тиімділікті қамтамасыз ететін оның табысы деңгейден төмен болса, жеке серіктестікке өтемақы төлейді немесе аз деңгейде табыстылыққа кепілдік берген кезде мемлекет өзіне тәуекелдікті қабылдайды. Мұндай мемлекеттік қолдау шаралары МЖӘ құралының тартымдылығын арттырады.

МЖӘ жобаларын іске асыру тиімділігін қамтамасыз етудің негізгі шарттарының бірі олардың жоспарлау процедураларының ашықтығы мен айқындылығы болып табылады. Бұл қағида заңмен қамтамасыз етілген.

МЖӘ жобаларын жоспарлау процедурасының оң аспектісін атап өтсек, біздің ойымызша, оны жобаның барлық мүдделі тараптарын болашақ жобаны іске асырудан олардың қажеттіліктері мен үміттерін түсіндіру үшін анықтау және бағалау тұрғысынан жақсарту қажет. Мұндай көзқарас, әрине, жобаның сәттілігіне оң әсер етеді, өйткені жобаны бастау кезеңінде мүдделі тараптардың пікірлері назарға алынады және осыған сүйене отырып, жобаның мазмұны мен конфигурациясы түзетіледі.

Қазіргі уақытта Қазақстанның көптеген өнірлері МЖӘ жобаларын жоспарлау үдерісіне байланысты МЖӘ дамытудың аралық кезеңінде орналасып отыр.

МЖӘ жобаларын жоспарлау құжаттаманы әзірлеу мен келісудің әр түрлі кезеңдерінен өтеді. Заннаманы талдау МЖӘ жобаларының құжаттамасын әзірлеу кезінде МЖӘ жобасының тұжырымдамасын, конкурстық құжаттаманы және келісімшарттың жобасын қарau және келісу үшін үзак уақыттық шенбер бекітілгенін көретеді. Біздің ойымызша, бұл рәсімдердің айтарлықтай уақытша шоғырлануы МЖӘ дамытудың шектеу факторларының бірі болып табылады. МЖӘ жобаларының бизнес үшін тартымдылығын арттыру мақсатында МЖӘ құжаттамасын қарau мен үйлестіру шарттарын оңтайланады қажет, бұл жоспарлауға қажетті уақытты қысқартады.

МЖӘ табысты дамуының негізгі шарттарының бірі – МЖӘ жобасының инвестициялық және операциялық шығындарын қамтитын ақша ағымының көрсет-кіштерінің балансы. Осы факторды ескере отырып, МЖӘ жобаларының тиімсіздігі мен негізсіз орындалуының орындылығы мен негізділігі туралы шешім қабылданды.

Аграрная политика: механизм реализации

Бұдан басқа, МЖӘ-дегі халықаралық тәжірибе көрсеткендей, теңдестірілген әдіс шығындар мен тәуекелдерді анық бөлуге негізделген. Осы тәсілді қолдану МЖӘ жобаларын іске асыруда мемлекеттік қолдау шараларын тиімді және мақсатты қамтамасыз ету үшін ең үтýымды, негізді және тиімді қағидаларды анықтауды талап етеді [қараңыз 2].

Зертте ішкі нормативтік базада осы көрсеткіштерді есептеудің қазіргі заманғы әдіснамалық реттемесі жоқ, яғни «бағасапа» критерийнің шекті (рұқсат етілген) мәндері, ол тұтастай алғанда МЖӘ жобаларының тиімділігін дұрыс бағалауға теріс әсерін тигізу мүмкін. Сонымен қатар, шетелдік тәжірибеде МЖӘ жобаларының тиімділігін бағалау тиімді әдістерді қолдануға негізделген қатаң талдауды және салмақты шешімді жасауды көрсетеді, соның ішінде Value for Money (VfM) - кеңінен қолданылады – бағалаудың әдісте-мелік және ақпараттық базасы, ол пайдалы және шығындар арақатынасы бойынша МЖӘ нақты жобаларының сандық және сапалық белгілерін көп нұсқалы жалпылама талдауды болып табылады.

МЖӘ жобаларын жоспарлау кезінде маңызды сәт олардың тиімділігін дұрыс бағалау болып танылады. Көбінесе жобаларды бағалау әдістемелерінде дәстүрлі тәсілдерді қолданады, олар нәтижеліктің әртүрлі түрлерін бағалаудың жеке құралдарының үйлесуі болып табылады. Осыған байланысты бағалау әдістерін жетілдіру маңызды болып саналады.

Өйткені олар бір жағынан, тек бизнес мүдделерімен ғана шектелмейі керек, екінші жағынан, олар экономикалық жобалыңы іске асырумен қатар әлеуметтік шығындарды және жалпы әлеуметтік тәлемдерді есептеу және бағалау кезінде жүзеге асырылатын мемлекеттің ғана мүдделерін ескере отырып ерекшеленуі керек.

Бұл, өз кезеңінде, мұдделі тараптардың қажеттіліктері мен үміттерін барынша қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. МЖӘ нақты жобасының тиімділігін бағалаудың прогрессивті әдістемесі мүқият талдауды және коммерциялық және қоғамдық тиімділікті барабар бағалауды ескеруі тиіс.

Серіктестіктің құндылығын дұрыс бағалау МЖӘ жобаларын жоспарлаудағы маңызды аспект болып табылумен бірге оларды жүзеге асыру перспективаларын, орындылығы мен тиімділігін анықтайды.

Дамыған елдерде жеке инвесторларды көнінен жұмылдыру және жобаларды ойдағыдай іске асыру үшін институционал-

дың ортасы дамытуға барынша назарын аударады. Жинақталған ғаламдық практикалық тәжірибе кейір жобаларды ойдағыдай іске асыру мүмкіндігін көрсетіп отыр:

- ♦ жобалар құрылымын дұрыс өндөу;
 - ♦ тиімді үйлесімділік;
 - ♦ конкурстық іріктеу мен сатып алу ашықтығы.

Осыған байланысты мемлекеттік сектордың рөлін трансформациялау және мемлекет пен бизнестің серіктестік саласына дәстүрлі өзара әрекеттесу тәсілдерінен аудысу МЖӘ дамытуға ықпал ететін арнайы институттарды куруда көрініс табады.

МЖӘ тетіктері тәжірибесіндегі қолдану артықшылықтары:

- біржолғы бюджеттік жүктемені азайту;
 - мемлекеттік және жеке серіктестер арасында өткізілетін МЖӘ жобаларының тәуекелдерін бөлу;
 - мемлекеттік сегменттің жауапкершілігі саласында халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын түбегейлі жаңа түрлендіру;
 - мемлекеттік қызметтерді көрсетудің дәстүрлі жүйесімен бәсекелесу мүмкіндігі;
 - орта және ұзақ мерзімді серіктестікке байланысты қызметтерді ұсыну тұрақтылығы әлеуметтік инфрақұрылым обьектілерін болашақ жоспарлау үдерісін женилдетуге мүмкіндік береді;
 - мемлекеттік қызметтер көрсетудегі шығындардың ашықтығы негізінде қамтамасыз етілетін «баға-сапа» коэффициентін жақсарту.

МЖӘ-нің институционалды инфрақұрылымы көсіби кадрлық қамтамасыз ету жағдайында МЖӘ даму үрдісіне құмәнсіз он асерін тиғізеді. Бұл мәселе бүгінгі күні өзекті, МЖӘ мемлекеттік сектордағы мамандар үшін жаңа құрал болып табылатындықтан, белгілі бір практикалық дағдылар мен білімді қалыптастыруды талап етеді.

Осыған байланысты, МЖӘ жобаларын экономикалық сараптамасын сапалы жүргізу үшін МЖӘ саласындағы МЖӘ жобаларын сараптау тек қана сертификатталған сарапшылармен жүзеге асусы тиіс, немесе тиісті сертификаттың болуы және аттестаттау, тағылымдама бойынша біліктілік талаптарын белгілейтін қызметтің лицензияланған турлері бізден ұсынылды.

Бұл үшін жобалық менеджмент дағдылары бар МЖӘ мәселелері бойынша сарапшы, мамандарды дайындастын өкілетті заңды тұлғаны анықтау қажет. Сондай-ақ, бұл үйім тиісті үлгідегі куәліктер беруді жүзеге асыру керек.

Аграрная политика: механизм реализации

Зерттеу нәтижелері бойынша дамыған елдерде МЖӘ схемаларын қолданудың белсенділігі мен сәттілігіне әсер ететін негізгі факторларды жүргізілді:

- елдегі экономикалық жағдайдың тұрақтылығы;
- МЖӘ саласындағы заңнамалық мемлекеттердің тиімділігі;
- барлық ресімдердің ашықтығы мен айқындылығы;
- әлеуметтік-экономикалық, саяси тәуекелдердің ең төменгі деңгейі;
- жеке қаржы бастамаларын тиімді мемлекеттік қолдау.

Халықаралық тәжірибе әртүрлі әріп-тестікten алынған сабактар міндеттерді нақты бөлуді, есептемені бекіту, ресурстармен ауысу және жоғары нәтижеге жету үшін мемлекеттік және меншікті ұйымдар арасындағы тәжірибе мен ресурстармен алмасуды талап етеді [8].

ЕО-ның заңнамалық базасы маңызды аспектіні қарастырады, яғни ол мемлекеттік және жеке серіктестер арасындағы өзара іс-қимылдың тиімді схемасын дұрыс шешім қабылдау мен қамтамасыз етуде айрықша құрамдас бөлігі болып табылады – бұл дәлелділік, оған деген жауапкершілік серіктестікің бүкіл өмірлік кезеңінде жобаны өзірлеуден аяқталуына дейін мемлекеттік орган жауапты. МЖӘ-нің нақты нысандарын таңдау өзара әрекеттесудің басқа нысандарынан айырмашылығы VfM талдау негізінде жүргізілетін тиімділіктің оң бағасы шартында дәлелді болып табылады.

Осы тұжырымдамалық ұстанымға сүйене отырып, біздің ойымызша, мемлекет органдарының қызметінде кәсіби деңгейде оны белсенді қолдану және тиімділігін бағалаудың жоғарыда көрсетілген әдістері МЖӘ дамытудың отандық тәжірибесінде бейімделу қажеттілігін қарастыру қажет. Ұсынылған тәсіл мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттесу технологиясында ұқсас стандарттарды енгізумен шектелмейді.

Мемлекеттік қызметтермен осы стандарттарды кәсіби менгеру үшін жобалық басқару саласында ауқымды білім беру шараларын жүргізу қажет. Сондықтан мемлекеттік органдар жағынан МЖӘ қажеттілігі реесми сипатқа ие: жеке бизнесті қолдануда заңдарды терең біле алатын, тәжірибелі, құзыретті, бизнеске бағдарланған отандық менеджерлерге тапшылығы бар [9].

Сондықтан МЖӘ жобаларын тиімді бағалауда үдемелі саласында құзыреттілік мемлекеттік құрылымдары тиісті қызметкерлерінің көсіптік қызмет саласында ес-керілуі тиіс.

Іс жүзінде қолданыстағы жобаны іске асыруға бағытталған барлық ресурстардың (нәтижеге қол жеткізілген) және тиімді, табысты іске асырылуын (күтілетін нәтиже) іске асыруға жұмысалатын шығындар арасындағы корреляцияның төмен деңгейін төмендету мақсатында тәуекелдерді дұрыс бөлуді қамтамасыз ету қажет. Жобаларды қаржыландырудың теориялық тұжырымдамалары тәуекелдерді басқаруды жетілдіру процесінде маңызды рөл атқарады.

Осылан сүйене отырып, мемлекеттік және жеке серіктестермен өзара іс-қимыл жасағанда тәуекелдер оларды жақсы басқаратын тараппен байланысты болуы керек. Бұдан басқа, МЖӘ жобаларының тиімді және құрылымдық құрылымы мемлекеттік секторда жеткіліксіз жаңа дағыларды қажет етеді. Мұнда бірінші кезекте жобалық ойлау туралы айттылады, өйткені жобаларды басқару құралдары он нәтиже мен жобаларды іске асырудың мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндігін арттырады. Осылан байланысты мемлекеттік қызметкерлердің жобаларды басқаруды кеңінен қолдану маңызды.

Осылайша, ұсынылған ұсынымдар МЖӘ дамытудың әртүрлі аспектілерін жақсартуға бағытталған, себебі мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы экономиканың әртүрлі салаларындағы, оның ішінде агроенеркесіп кешеніндегі ынтымақтастықтың жаңа парадигмасын қалыптастырудың негізгі міндет МЖӘ жобаларын тиімді және табысты іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Тұжырымдар.

Жасалған зерттеу нәтижесі бойынша келесі қорытындылар жасауға болады:

1. Дамыған елдердің тәжірибесін шолу және жасалған талдау жобалық басқару негізінде МЖӘ жобаларын іске асыруда жоғары әлеуметтік-экономикалық қайтарымы мен экономикалық мақсаттылығын көрсетеді.

2. МЖӘ жобаларын кеңінен қолдануды детерминендірілген негізгі факторлар жүйеленген.

3. МЖӘ инновациялық қызметті қүштейтуге және қоғамдық қызметтерді көрсетеуге барынша тиімді әсер етуге ынталандырады, өйткені бәсекелестік ортада жеке серіктес нәтижеге қол жеткізу үшін жақсы жағдайларды ұсынады.

4. Қазіргі уақытта Қазақстанда МЖӘ институтын дамыту белсенді түрде қалыптастып жатыр. Сонымен бірге, отандық заңнаманы талдау және жобаны жоспарлау практикасы бірқатар жеке мәселелердің

бар екендігін көрсетеді, сондықтан оларды шешу және МЖӘ тиімділігін арттыру үшін жобалық тәсілді қолдану қажет.

5. Қазақстанның өнірлерінде МЖӘ институционалды инфрақұрылымы дамып келеді. Сонымен бірге, МЖӘ құжаттамасын әзірлеу және сараптау қызметтерінің сапасы мамандардың біліктілік деңгейіне тікелей байланысты. МЖӘ тетігі арқылы мемлекеттік инвестициялық жобаларды табысты жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін тиімді құқықтық және институционалдық база, сондай-ақ жобаны басқару саласында сертификатталған жоғары білікті кадрлар қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 What are public-private partnerships? [Electronic resource].- 2018.- URL: <http://www.ppp.worldbank.org/publicprivate-partnership> (дата обращения 05.06.2019).

2 Гладов А.В., Испупов А.М. Зарубежный опыт реализации ГЧП: общая характеристика и организационно-институциональные основы и др. // Вестник СамГУ.- 2018.- №7(66).- С. 36-44.

3 MircoTomasi. Public-private partnerships in Member States. Unit B.4 «Impact of EU policies on national economies». 10th meeting of public finance economies.- Brussels, 2016.-16p.

4 European PPP Expertise Centre [Electronic resource]. - 2018.-URL: <http://www.eib.org/epec/> (дата обращения 15.06.2019).

5 Peter Kelley. Evans School's Justin Marlowe addresses public-private partnerships in third financial guide [Electronic resource].- 2016. - URL: [http://www.washington.edu/news/2016/06/15\(evans-school's-justin-marlowe-addresses-public-private-partnerships-in-third-financial-guide/](http://www.washington.edu/news/2016/06/15(evans-school's-justin-marlowe-addresses-public-private-partnerships-in-third-financial-guide/) (дата обращения 17.06.2019).

6 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының 2015 ж. 31 қазандағы Заны [Электрондық ресурс]. - 2015.- URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000379> (дата обращения 15.06.2019).

7 «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заны [Электрондық ресурс].-2006.-URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000167_ (дата обращения 15.06.2019).

8 Мырзалиев Б.С., Бермухамедова Г.Б.,
Зиядинова Э.З. Государственно-частное парт-

нерство в сельском хозяйстве: трансфер инноваций и технологий // Проблемы аграрной науки. – 2018. – № 4 – С. 67-73.

9 Тажибаева Р.М., Бермухамедова Г.Б., Зиядинова Э.З. Развитие государственно-частного партнерства в агропромышленном комплексе Туркестанской области // Проблемы агрорынка. – 2019. – № 2 – С. 76-82.

Ədebietter tizimi

- 1 What are public-private partnerships? [Electronic resource].- 2018.- URL: <http://www.ppp.worldbank.org/public-private-partnership/> (data obrashhenija 05.06.2019).

2 Gladov A.V., Isupov A.M. Zarubezhnyj opyt realizacii GChP: obshchaja harakteristika i organizacionno-institucionjal'nye osnovy i dr. // Vestnik SamGU.- 2018.- №7(66).- S. 36-44.

3 MircoTomasi. Public-private partnerships in Member States. Unit B.4 «Impact of EU policies on national economies». 10th meeting of public finance economies.- Brussels, 2016.-16 p.

4 European PPP Expertise Centre [Electronic resource]. -2018.-URL: <http://www.eib.org/epec/> (data obrashhenija 15.06.2019).

5 Peter Kelley. Evans School's Justin Marlowe addresses public-private partnerships in third financial guide [Electronic resource].- 2016.-URL: <http://www.washington.edu/news/2016/06/15/evans-school-s-justin-marlowe-addressest-public-private-partnerships-in-third-financial-guide/> (data obrashhenija 17.06.2019).

6 «Memlekettik-zhekeshelik əriptestik turaly» Қазақstan Respublikasynyң 2015 zhyly 31 қазандары Заңы [Jelektrondyk resurs]. - 2015.- URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z150000379> (data obrashhenija 15.06.2019).

7 «Koncessijalar turaly» Қазақstan Respublikasynyң 2006 zhyly 7 shildedegi Zaңы [Jelektrondyk resurs].- 2006.- URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000167_ (data obrashhenija 15.06.2019).

8 Myrzaliev B.S., Bermuhamedova G.B., Zijadinova Je.Z. Gosudarstvenno-chastnoe partnerstvo v sel'skom hozjajstve: transfer innovacij i tehnologij // Problemy agrarynka. – 2018. – № 4 – S. 67-73.

9 Tazhibaeva R.M., Bermuhamedova G.B., Zijadinova Je.Z. Razvitiye gosudarstvenno-chastnogo partnerstva v agropromyshlennom kompleksse Turkestanskoy oblasti // Problemy agrarynka. – 2019. – № 2 – S. 76-82.